

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АҚ НИЕТ» МЕКТЕП-  
ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ИНТЕРНАТ «АҚ НИЕТ»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

## Наурыз тойы – мерекем, салт-дәстүрім берекем!

Мектепшілік мерекелік іс-шарасы

Жауаптылар: Мадивса Н.А.

Текенева Г.Ж.

Коспаева Ж.Т.

Чанбаева А.Т.

Өскемен қаласы

2021-2022 оқу жылы

**Наурыз тойы – мерекем, салт-дәстүрім берекем!**

*(Видео қосылады. Өнерпаздардың шығуы. Залда әсем әуен ойнап тұрады. Өнерпаздар «Наурыз» әніне билеп кіреді).*

**1 Жүргізуші:** Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлыстың ұлы күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

**2 Жүргізуші:** Добрый день дорогие гости нашего праздника! Всех от чистого сердца поздравляем с праздником Наурыз! Разрешите начать наш праздничный той **«Наурыз тойы – мерекем, салт-дәстүрім берекем!»**

Из глубины историй нашей земли,

К нам пришел этот праздник Наурыз!

Праздник нового дня,

Праздник цветений и обновления,

Праздник Земли и человека!

**1 Жүргізуші:**

Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды! *(Наурыз көктем музыкамен ортаға келеді)*

**Наурыз көктем:**

Мен наурыз көктеммін

Гүлдерім жыр шашудан.

Ұлыс күнге жеттім, міне асыға

Келген жылым жақсылыққа басташы.

Қуанышпен әр үйдің

Босағасын атташы!

**2 Жүргізуші:**

Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың.

Бас иеміз - Наурыз!

Сені тойлап қарсы алып,

Бар әлемге жар салып,

Сәлем бердік біз сізге!

Рақмет, Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі! Мерекемізде бізбен бірге болыңыз!

**1 Жүргізуші:**

Балалар, қанекей Наурыз көктемді қыс бойы қалай асыға күткенімізді, ол жайлы оқып-білген жақсы қанатты сөздер мен тыйымдарды ортаға салып көпшілікпен бөлісейік! *(8 бала топ арасынан әр әсерден тұрып айтады)*

1. Наурыз күні-ұлыс күні ренжіскен адамдар достасады.

2. Наурыз күні –ұлыс күні жақын туыстармен дәм алысады

3. Наурыз күні –ұлыс күні 7-түрлі дәмнен Наурыз көже дайындалады.

4. Наурыз күні -ұлыс күні ат шаптырып, балуан күрестіріліп қыз қуып, қол күрестіріп үлкен той жасайды.

5. Наурыз күні-ұлыс күні ешкіммен ренжіспейді.

6. Наурыз күні-ұлыс күні жаман сөздер айтпайды.

7. Наурыз күні-ұлыс күні жаман қылықтар көрсетпейді.

8. Наурыз күні-ұлыс күні шаш тырнақ алмайды, іс тікпейді, кір жумайды.

**2 Жүргізуші:** Песня в честь Наурыз көктем: **«Наурыз вас приглашает»! 1 номер**

**1 Жүргізуші:** Мұсылман ұғымы бойынша 21 – наурыздың түнінде Қыдыр ата елін-жерін аралайды екен. Осы түні әр адам жақсы ой - арман ойласа, ол қабыл болады деп ырым еткен. Біздің де ауынымызға Қыдыр атамыз келіпті, ортамызға шақырайық (Қыдыр ата келеді).

**Хормен:** Қош келдіңіз Қыдыр ата!

**Қыдыр ата:** Армысыздар халайық! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**2 Жүргізуші:** Қош келдіңіз!

Ұлы күні қазан толса

Өл-жылы ақ мол болар

Ұлы кісіден бата алсаң

Сонда олжалы жол болар, деп өзіңізден бата сұраймыз.

**Қыдыр ата бата береді:**

Ұлы оң болсын!

Қайда барсаң жол болсын!

Денсаулықтарың зор болсын!

Көйлектерің көк болсын!

Қарындарың тоқ болсын!

Қуаныш шаттық көп болсын! (Аумин)

**1 Жүргізуші:** Айтқаныңыз келсін Қыдыр ата! Төрден орын алыңыз!

**2 Жүргізуші:** Слово для поздравления предоставляется директору школы-интерната «Ақ ниет» Светлане Каримуллаевне!

**2 Жүргізуші:** Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

Алдарыңызда «грузин» биі! **2 номер**

**1 Жүргізуші:** Ой балалар жарайсындар, бәрекелді! Билеріңмен тойдың сәнін келтірдіңдер!

**1 Жүргізуші:**

Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс. Наурыз мейрамында ақындар айтысы болып отырған. Ақындар жақсылық пен жамандық, суық пен жылының күресін жырларан.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері, бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда.

Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген Біржан мен Сара ауылының қыз-жігіттерін қошеметтеп ортамызға шақырайық.

**2 Жүргізуші:** У казахского народа есть прекрасный конкурс «Айтыс» - состязание. На этом конкурсе идёт состязание между музыкантами-исполнителями, кто лучше исполнит своё произведение. Давайте тоже устроим айтыс, кто лучше сочиняет.

*Сол кезде әндетін Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын) музыкасы қосылады.*

**Алдар:** Айтысың жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

**1 Жүргізуші:** Иә. Наурыз тойы, қош келдің, Алдар, көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

**Алдар:** Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

**Иә, сараң байды алдап, мінекей наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп қояды шапатын)**

**2 Жүргізуші:** Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, наурыз мейрамындағы екі ауылдың айтысына қатыс!

*(қыз бен жігіт айтысы: 3 жұп асық ату арқылы қарсыласын таңдайды да кезекпен айтысады.)*

**Алдар:** Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. «Суреттегі сөзді тап» ойынын ала келдім. *(презентациядағы ойын ойналады)*

**1 Жүргізуші:** Рахмет саған, Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет!

**Алдар:** Рахмет! *(дастархан басына отырады)*

**2 Жүргізуші:**

Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз - көктем мерекесі.

Наурыз тойы ән мен күйдің шашуы!

Домбырашылар триосын «Балбырауын» күйімен қарсы алайық! **3 номер**

**Наурыз көктем:** Мен қанша шуағымды шашып, мейірленгенімен қалың қыстың етегі сөгіле қоймаған тәрізді. Тезірек қар түгелдей еріп, ағаштар бүршік ашып, жер көктеу үшін не істесек екен ә?

**1 Жүргізуші:** Иә, аздап салқын, айнала әлі қар. Ол үшін біз шуағын шашқан алтын сәулелі ару күнді, қасиетті жер ананы, ыстық ықыласты От ананы ортаға шақырайық.

**2 Жүргізуші:**

У наших предков много традиций и обрядов. Одним из наиболее распространенных обрядов без которого не начинают не одно торжество – это «шашу» - обряд осыпания. Шашу из конфет, различных сладостей или мелких монет.

*(Музыкамен от ана шығады, бата береді, шашу шашады).*

**От ана :** Жетегін бұйда болсын,

Арқан шула болсын.

Беретін асын болсын,

Көретін жасын болсын.

Бесігін алдыннан түспесін,

Басыннан жақсылық кетпесін,

Жамандық саған жетпесін.

Армысыздар көрермен қауым! Наурыз мейрамы құтты болсын, ұлыс оң болсын!

**1 Жүргізуші:** Аяулы да қасиетті От Анасы біздің мерекемізге қош келдіңіз! Төрлетіңіз! «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй...» дегендей, От анамыздың ақ батасына өнерімізбен шашу ретінде келесі кезекті әсем әнге берейік! Ән «Наурыз көктем»

**Наурыз көктем:**

Кел, балалар ойнайық

Ойынға бір тоймайық! Ойын: **«Тақия тастамақ»**. Ойын шарты мынадай: ойынға қатысуға ортаға 6 бала келіңіздер. Қатысушылар музыка әуенімен тақияны айналдыра беріп тұрады. Музыка тоқтағанда, тақия кімнің қолында қалады сол қатысушы тез-тез сұрақтарға жауап береді.

1. Қазақтардың ұлттық баспанасы? (Киіз үй)

2. Киіз үйді құрайтын бөлшектерді ата? (Шаңырақ, уық, кереге, есік)

3. Өздеріңізге белгілі қазақтың халық музыкалық аспаптарын атаңыздар. (Қобыз, домбыра, жетіген, т.б.)

4. Наурыз мейрамы қашан тойланады? (22 наурыз)

5. Ақындар айтысы қалай аталады? – айтыс

6. Өзіне белгілі ұлттық ойындарды ата (бәйге, көкпар)

**2 Жүргізуші:** **«Тақия тастамақ» (передай тюбитейку)**

Условия игры следующие: на игру выходят 6 детей. Участники передают тюбитейку под музыку. Когда музыка останавливается, на вопросы отвечает тот участник, кто остается с тюбитейкой в руках.

1. Национальное жилище казахов? (Юрта)

2. Назовите части, из которых состоит юрта? (Шаңырақ, уықи, кереге, есік)

3. Назовите известные вам казахские народные музыкальные инструменты. (Қобыз, домбра, жетіген и т.б.)

4. Когда празднуется Наурыз? (22 марта)

5. Как называется состязание акынов? – айтыс

6. Назовите известные вам национальные игры (Байға, көкпар)

**2 Жүргізуші:**

Мелодио- күй посылает весна,

Мираж из лучей представляет она.

Пусть песня акына сейчас зазвучит

*И радостный той пусть гостей пригласит!*

*Күй «Моцарт Аллегretto», жас домбырашылар үйірмесінің өнерпаздарын қарсы алыңыздар! 5 номер*

**1 Жүргізуші:** Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Еңбегіңе, ақ кимешекті әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)

**2 Жүргізуші:** В ночь Наурыз люди выходили на улицу, поздравляли, желали друг другу самые лучшие пожелания, прощали обиды и ссоры: ходили другу другу в гости, в каждом доме готовили традиционный «Наурыз – көже». И угощая, желали друг другу достатка и счастья.

Самые лучшие пожелания старших называют «бата», кто больше пьет коже тот будет сыт целый год, а кто больше всех получит ақ бата у того в жизни будет светлая дорога - считали в народе.

**ӘЖЕ:** (Қолында тостаған, наурыз көже)

- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!

- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсындар?

- Дұрыс айтасындар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес.

• Сендерге сұрақ:

1. Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?

**2 Жүргізуші:** - Как называется традиционное блюдо, которое готовится на праздник Наурыз? Из какого количества продуктов оно состоит? Назовите их. (Наурыз – көже состоит из 7 ингредиентов – бидай (пшеница), тары (просо), мясо, соль, молоко, курт, вода) (вода, мясо, соль, жир, мука, рис, молоко)

• 7 түрлі

• Қане атап беріндерші?

- *Сұр ет, сүзбе, бидай, курт, тары, май, тұз*

- Дұрыс айтасындар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайказанға пісірген.

- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар.

(Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)

**2 Жүргізуші:** Весна очень хочет к нам прийти, но зимние морозы и бураны все никак не согласятся на это. Танец «Метель» - образ

бури и ураганов в казахских степях. Встречайте! **6 номер**

**1 Жүргізуші:** Осымен Наурыз мерекесіне арналған мерекелік шарамыз аяқталды. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын! Ал қазір барлығымыз ортаға шығып «Қара жорға» биін билейік, келіңіздер!

• (Музыка қосылады. Би «Қара жорға» Өнерпаздар мен ұйымдастырушылар топпен билейді.)

**2 Жүргізуші:** На этом наш сегодняшний праздник подошел к концу спасибо за внимание, до новых встреч!

**1 Жүргізуші:** Келесі кездескенше қош сау болыңыздар! Тойдан тойға дейін амандықта болайық